**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Наурыз айы 2024 жыл 3 апта**

**Білім беру ұйымы:№15 "Әлия" бөбекжайы**
**Топ: №6 "Жасұлан" мектепалды тобы**
**Балалардың жасы : 5- жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 18.03-20.03.2024 жыл**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 18.03.2024 | Сейсенбі 19.03.2024 | Сәрсенбі 20.03.2024 | Бейсенбі 21.03.2024 | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу | Адай күйімен қарсы алу | Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Комплимент" сәлемдесу Мақсаты: өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ету. Балалардың допты шеңберге өткізіп, бір – біріне беру арқылы мақтау айтуды дамыту<br><br>**Балалармен жеке жұмыс.**<br>Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру | Балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу үшін, балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар.<br><br>Қазақстан жайлы карталарды. | Жеке ойындар (пазлдар, робототехника құралдары, шашка, бестемше).<br><br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту **(танымдық, бейнелеу іс-әрекеті)** | Кітаптарды қарату, Кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына зейіндерін аудару. **(көркем әдебиет)** Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) **Балалармен жеке жұмыс.** Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойындарын ойнату.<br>**(танымдық іс әрекет)** | (жануарлар құстар, өсімдіктер жайлы) қарату<br>**(танымдық іс әрекет)** | | Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту **(бейнелеу іс-әрекеті)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі** | **Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.** | **Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз** | Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **парағын бағдарлай білуді бекіту.** | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Тақырып:**<br><br>Біз нені үйрендік? [к]<br><br>Сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру.Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату,сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.Штрихтау,үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы шыдам/тәр<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырып:**<br>Әз, Наурызым, армысың (өлең) О.Асқар<br>Өлеңді тірек сызба бойынша мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату.<br>Сюжеттік бірізділікті сақтау, эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:**<br>Жайлауда. (өлең).<br><br>Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру.Балалардың сөздік қорын дамыту.<br><br>Балаларды<br><br>Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br><br>**Тақырып:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, | **Қазақ тілі**<br><br>**Тақырып:**<br>Көктемге байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу.<br>Көктем келді, құс келді.<br><br>Құстардың қазақша атауларымен таныстыру. Құстарды танып дұрыс атау. Кейбір жыл құстары туралы қысқаша мәлімет беру.<br><br>**Математика негіздері**<br><br>**Тақырып:** Қамшымен таныстыру, аттың әр жағына қойып атату.<br>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Тақырып:** Ойнай отырып оқимыз<br><br>Сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру.Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.Ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәр/у.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырып:** Наурыз туралы өлең жолдарын мұқият тыңдайды.<br>Суреттерге қарап өлең жолдарының мазмұнын ашады. Наурыз айындағы басты мереке туралы әңгімелеседі | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екпінмен, үзілістермен жаттату. Сюжеттік бірізділікті сақтау, эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету.<br><br>Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табиғат туралы түсінігін ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту. Ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу<br><br>**Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырып:** Жаттығу – жеңіс кепілі!.Айналмалы жаттығулар<br><br>Секіртпемен секіру, қолдың басын айналдырып қозғалту мен аяқты тігінен қозғалтуға, жіңішке ұзын орындықпен жүруге жаттығу.Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, күштілікке, | алға, артқа.<br><br>**Сауат ашу**<br><br>**Тақырып:**Дыбыстық талдау<br><br>Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.Дауысты, да-уыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.Үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы эстетикалық талғамдарын және бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу<br><br>**Шығармашылық:**<br><br>**Тақырып:**<br>**Сурет салу**<br><br>Суреттер көрсету арқылы шығармашылыққа баулу. Қазақ ою- | заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнынкөрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br><br>**Музыка**<br><br>**П.ж.ж**<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br><br>**Тақырып:**<br>Өсімдіктерге өсу үшін не қажет?<br>Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру. | әңгімелеседі<br><br>**Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырып:** Бір, екі, үш, балалар алды күш!<br><br>Қауіпсіздік ережелерін сақтау мен сақтану дағдыларын дамыту. Допты заттардың арасымен екі аяқпен кезек-кезек теуіп жүргізу, бір қолдан екінші қолға еденнен соғып ауыстыруды жалғастыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырып:** «Арыстан мен тышқан» (көлеңке театры)<br><br>Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдана білу дағды-ларын қалыптастыру, ертегінің мазмұнын түсініп, көлеңке театрымен көрсетуге үйре-ту, кейіпкерлерге мінездеме | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**П.ж.ж** | өрнектерінің түрлері «құстұмсық», «жапырақ» туралы түсінігін кеңейту,өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Ойын кілемшесін сәндеуге үйрету.<br><br>Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді,оларды күрделі емес композицияларғабірі ктіруді қалыптастыру. | Өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту. | бере білуге үйрету, шығармашылыққа тәрбиелеу<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырып:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жакта, оң жакта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. | |
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, катармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | Бақылау: Табиғат өзгерістерін бақылау. Жел соғады, күннің көзі жылытады, кар ериді. Үлескедегі еңбек: Жолды тазалау. Аула сыпырушының еңбегін бағалау. | Бақылау: Көктемгі желді бақылау. Жел соғады бетіме, Тербеледі ағаштар Кіп – кішкене ағаштар Үлкен болып өседі. Үлескедегі еңбек: | Бақылау: Көктемгі алғашқы гүлдерді бақылау. Бар табиғат нәр алып, Шыға келер жаңарып Қызғалдақ боп құлпырған Көктем біздің балалық. | Бақылау: Бұталарды бақылау. Үлескедегі әдемі бұталарды сындырмай сақтай білу және қорғау.<br><br>Үлескедегі еңбек: Түскен | Бақылау: Көктем мезгіліндегі аңдардың тіршілігін бақылау. Балаларға сурет арқылы (аю, кірпі, |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойын: «Аю мен балалар», «Қолғап» аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: Көктем туралы өлең, тақпақтар жатқа айту:<br>Сәуір болса,<br>Күн күркірер<br>Күн күркіресе<br>Көк дүркірер.<br>Өзіндік іс – әрекет: үлкен топтың балалары қардан жолды қалай тазалар екен соны тамашалау. | Қалған қарлардан тау жасауға болатынын көрсету.<br>Еңбектенуге үйрету.<br>Қимылды ойын: «Алып қаш», «Шеңберге түсір» шапшаңдыққа, дәлдікке үйрету.<br>Жеке жұмыс: Саппен дұрыс жүре білуге дағдыландыру.<br>Өзіндік іс – әрекет: жаттығуларды өз еріктерімен орындау. | Үлескедегі еңбек:<br>Үлескедегі бассейн орнын тазалау.<br>Еңбектенуге талпындыру.<br>Қимылды ойын: «Қаздар – қаздар», «Торғайлар мен машина»<br>Жеке жұмыс: Тақпақтар айту.<br>Сылдыр – сылдыр тап – таза<br>Мөлдір бұлақ басталды.<br>Өзіндік іс – әрекет: ағаштардың бүршік жарғанын тамашалау. | ағаш бұтақтарын жинау.<br>Өз үлескелерін таза ұстауға үйрету.<br>Қимылды ойын: «Қасқырды ұста», «Допты жоғары көтер» шапшаңдыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: Бір тізбекпен жүріп үйрену.<br>Кедергілерден қорықпаймыз, жылдам өте шығамыз.<br>Өзіндік іс – әрекет: ойын құралдарын таңдай біліп, өздері ойнай білу. | тиіннің қалай оянатыны туралы әңгімелеу.)<br>Үлескедегі еңбек: Күректі қалай пайдалану керек екені түсіндіріледі. Үлкен адамдар еңбегін бағалау.<br>Қимылды ойын: «Ормандағы аю», «Қорқақ қоян»<br>Жеке жұмыс:<br>Секірейік, секірейік<br>Ұзын құлақ қоянша<br>Шаршағанды кетірейік<br>Болар сонда тамаша.<br>Өзіндік іс – әрекет: «Дауысты таны» аңдардың дауыстарынан, жүрістерінен |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | айыру. |
| **Серуеннен оралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br><br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка) | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br><br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br><br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br><br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.<br><br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)<br><br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып шайнау, аузды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекет жасауға мүмкіндік беру. Жаңа реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығаруды үйрету (гуашпен сурет салу кезінде). **(бейнелеу іс-әрекеті)** | «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін естеріне түсіру. Қазір қандай жануардың жылы екенін сұрау. Үстел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Қағазды қиып жаңбыр тамшыларын жасату. Оларды терезелерге жапсырғызу. **(Танымдық іс-әрекеті)** Жасаған тамшыларды бояулармен сәндеу | **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Жаңбыр тамшыларының мүсінін ермексаздан жасату | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Мақсаты:** Ертегі мазмұнын сұрап, баланың сөздік қоры мен тіл тазалығын, сөз саптауын қадағалау. Барысы: Барлық балаларға өзінің білетін бір ертегісінің мазмұнын айтады. | Серуен барысында ертегі элементтерін ермексазбен мүсіндеп үлгермеген балалармен жұмыс жасау. | **Мақсаты:** Ертегіні оқып беріп, сұрақтар қою. Баланың түсіну, жауап беру деңгейін байқау. Барысы: «Үйшік» ертегісін оқып беріп, сұрақтар қойылады. Сұрақтар:<br>- Ертегі не туралы?<br>- Ертегіде қандай кейіпкерлер бар? | **Мақсаты:** Баланың қабылдауын, тапқырлығын байқау. Ертегі кейіпкерлеріне байланысты дидактикалық материалдар, тапсырмалар ұсынып, білімін тексеру. | **Мақсаты:** Мнемокесте арқылы баланың ертегі мазмұнын меңгеруін байқау. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Қимылды ойын «Ақсерек көксерек» | Қимылды ойын «Бүрге» | Қимылды ойын «Кетті кетті» | Қимылды ойын «Ақ серек көк серек» | Қимылды ойындар «Түйілген орамал» |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көңілді музыкаға би билету.<br>**(музыка)**<br>Балалардың еркін ойындары | Балалардың еркін ойындары<br><br>Құмда таяқшамен жаңбырдың бейнесін салу. | Балалардың еркін ойындары<br><br>Бормен жаңбырды, отырғызған гүл мен ағаштардың суретін салу. | Табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастыру. | Балалардың еркін ойындары<br><br>Мен не үйрендім? Дидактикалық ойын |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті). | | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ермексаздан бәйшешек мүсінін жасату, суретін салғызу, қағаздан қиып алып жапсыру немесе өз бетінше әр түрлі заттарды пайдаланып ойдан құрастыруға баулу<br>**(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Терезеге қарап, көктем | Ізгі сөздер мен мақалдарды балалармен жеке жұмыс жасау арқылы жаттату.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық ұжымдық жұмыстар | Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша әңгіме айтуын жетілдіру.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Көктем мезгілі туралы қалауы бойынша сурет салғызу, мүсін жасату немесе қағаздан қиып жапсыруына ерік беру.<br>**(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)** | Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру.<br><br>Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мезгілінің ерекшеліктері туралы жеке әңгімелер жүргізу.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | жүргізуге баулу.<br>**(Шығармашылық іс-әрекет)** | Өз өзіне көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстарын орындату.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **(бейнелеу іс-әрекеті)**<br>«Гүлдер таласы» ертегісін үстел үсті театры арқылы балалардың бір біріне айтып беруін ұйымдастыру.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |

**"Тексерілді"**
**№15 "Әлия" бөбекжайы**
**МКҚК-ның әдіскері:**
**_______У.Г. Нурмухамметова**
**"15" 03 2024 ж**

Scanned with CamScanner